



Ұлыстың ұлы күні
күтпей болсын!



№22 (2839)
21/03/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«НАУРЫЗ» ПОЙЫЗЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Шығыс күнтізбесі бойынша күн мен түн теңеліп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін наурыз айы – жыл басы. Наурыз мерекесіне орай «Жолаушылар тасымалы» АҚ мерекелік «тосынсый» жасап, «Астана – Бурабай курорты» бағдарында ұлттық нақышта безендірілген электр-пойызын жолға шығарды.

 Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

– Бүгін біз Астана – Бурабай курорты бағдарында ұлттық нақыштағы қала маңы пойызын шығарып отырмыз. Бұған дейін Жаңа жыл және 8 наурыз алдында мерекелік пойыздарды шығарып едік. Бұл жоба халық тарапынан жақсы қабылданды. Жаңа жыл алдында шыққан ұлттық стильдегі жүрдек пойызбен 35 мың жолаушы тасымалданды. Біз бұл акцияны келешекте де жалғастырмақ ойдамыз. Әсіресе демалыс күндері туристік сапарға шыққандарға бұл ерекше тосынсый болып отыр. Бізде «БурабайДаму» туристік компаниясымен осындай бір күндік турды ұйымдастыру жобасы қарастырылған. Бір күндік тур үлкендерге 12 мың, балаларға 10 мың теңге мөлшерін құрайды. Меніңше, бұл туризм саласында жұмыс істеп жатқан басқа да кәсіпкерлерге ынталандыру болмақ. Олар да бұл акцияға қатысып, өзге де бағдарларға осындай пойыздардың жасақталуына атсалысады деген ойдамыз. Бүгінгі пойыздың безендірілуіне ұлттық қолөнершілер мен дизайнерлер қатысты,



– дейді ҚР Спорт және мәдениет министрлігінің туризм индустриясы комитетінің төрағасы Дастан Рыспеков.

Мерекелік құрам күн сайын бір ай бойы жүретін болады. Пойыз елорданың «Нұрлы жол» теміржол вокзалынан таңғы сағат 06.03 минутта, ал Астана-1 вокзалынан сағат 06:57 минутта жөнелтіледі. Жол бойында құрам үш

станцияға – Ақкөл, Елтай және Макинқаға тоқтайды. Ал соңғы аялдамаға сағат 9:51 минутта келеді.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ – «Қала маңы тасымалы» филиалы директорының міндетін атқарушы Сергей Балашов, жолаушылар жайлы сапарлау үшін вагондар ауа баптайтын қондырғымен, биодәретханамен жабдықталғанын айтады. Пойыз жолаушылары сапар үстінде ойын-сауық контентпен және пайдалы ақпаратпен жабдықталған vputi.kz мультимедиялық порталды пайдалана алады.

«Наурыз» электрпойызы – бұл «Жолаушылар тасымалы» АҚ, ҚР ПІБ «Бурабай Даму» ЖШС, Мәдениет және спорт министрлігі мен «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясының бірлескен жобасы. Ол ішкі туризмді насихаттау мақсатында жүзеге асырылып отыр.

Суреттерді түсірген
Александр ЖАБЧУК

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Әз-Наурыз елімізге, әрбір шаңыраққа бірлік пен береке, ырыс-құт, бақыт пен қуаныш әкелсін!

Наурыз – қыстың көбесі сөгіліп, тіршілік атаулыға жан бітіп, жер-дүние жасарып, жаңаратын, көгеріп, көктейтін шақ. Табиғаттың осындай керемет кезеңі жұмыстарыңызға жаңа серпін берсін! Жол үстінде жүрген немесе орталықта және аймақтарда жолаушылар мен жүк тасымалының үздіксіз болуын қамтамасыз етіп отырған әріптестеріме тілейтінім – талмас талап, қажымас қайрат!

Түптеп келгенде, ұлттық санамызды жаңғыртып, жоғымызды түгендеп, барымызды бүтіндеуде бұл мерекенің жолы да, жөні де бөлек. Өзіндік құндылығымыз дәріптелетін бұл мейрамда Отанымыздың игілігі, халқымыздың берекесі таси берсін! Әр шаңырақ бақыт пен шаттыққа кенелсін! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы



Уважаемые железнодорожники и ветераны отрасли!

Сердечно поздравляю вас со светлым праздником весны и обновления – Наурыз мейрамы! Он символизирует собой пробуждение природы, верность традициям, дружбу и единство нашего многонационального народа и дарит надежду на новую счастливую жизнь!

Со времен наших предков Наурыз считается началом исконного Нового года. Этот праздник – один из самых ярких и любимых казахстанцами. Пусть эти дни будут наполнены добрыми делами и чистыми помыслами. Желаю вам и вашим близким мира, благополучия, процветания и радости!

Оразгали АХМЕТБАЕВ,
председатель
ОО «КАЗПРОФТРАНС»



Ерлан ҚОЙШЫБАЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ логистика
жөніндегі басқарушы директоры:

КОНТЕЙНЕРЛЕНДІРУ –
ТЕМІРЖОЛ ЛОГИСТИКА-
СЫНЫҢ ЕҢ ПЕРСПЕКТИ-
ВАЛЫ ЖӘНЕ СОНЫМЕН
БІРГЕ ЕҢ КҮРДЕЛІ АСПЕК-
ТІСІ. СОНДАЙ-АҚ, ӘЛЕМ-
ДЕГІ ЭПИДЕМИЯЛАР МЕН
ГЕОСАЯСИ ДАҒДАРЫСТАРҒА
ҚАРАМАСТАН БІРҚАЛЫПТЫ
ЖҰМЫС ІСТЕЙ АЛАТЫН ЖЫЛ-
ДАМ, СЕНІМДІ ТАСЫМАЛ ТҮРІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ДВА МЕСЯЦА 2023 ГОДА
ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ
МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И
УЗБЕКИСТАНОМ СОСТАВИЛ

5,2 млн тонн

В ХОЗЯЙСТВЕ АО «НК «ҚТЖ»
ИСПОЛЬЗУЕТСЯ БОЛЕЕ

1 000

РЕЛЬСОРЕЗНЫХ И РЕЛЬСОСВЕР-
ЛИЛЬНЫХ СТАНКОВ ДЛЯ РАБОТ ПО
ТЕКУЩЕМУ СОДЕРЖАНИЮ ПУТИ

НА СЕГОДНЯ ПОТЕНЦИАЛ
КОНТЕЙНЕРОПРИГОДНЫХ
ЭКСПОРТНЫХ ГРУЗОВ
СОСТАВЛЯЕТ ПОРЯДКА

22 млн тонн

ОТ ОБЩЕГО ОБЪЕМА ПЕРЕВЕЗЕН-
НЫХ ЭКСПОРТНЫХ ГРУЗОВ

Конкурс

НЕПРЕХОДЯЩИЕ ЦЕННОСТИ

Национальные обряды, песни, танцы, игры, импровизированные юрты и щедрый дастархан – в преддверии Наурыз мейрамы в филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания» (ЦФО) провели конкурс «Қазақстан ұлттық мұрасы».

 Любовь РОВБА,
Астана

Организатором конкурса выступил профсоюзный комитет ЦФО. Свои таланты, сплоченность и знание традиций казахского народа предстояло продемонстрировать коллективам департаментов бухгалтерского учета, кадрового администрирования, финансовой отчетности, администрирования филиалов, налоговой отчетности и Центра разработки и внедрения типовых нормативов. Конкурсную комиссию возглавил заместитель председателя ОО «Казпрофтранс» Жупарбек Сабитов.

Максимум в 10 баллов от каждого члена жюри команда могла получить по таким критериям, как проведение обряда с сохранением национальной идентичности, оформление кабинета с элементами внутреннего убранства юрты, использование национальных костюмов, вокал, хореография, айтыс и творческие элементы.

Забегая вперед, нужно сказать, что жюри пришлось очень нелегко, так как все коллективы справились с поставленными задачами на отлично. Железнодорожники в очередной раз доказали: если они что-то делают, то делают это безупречно. Уже с порога гостей встречали великолепное убранство и щедрые угощения, вмиг погружая в атмосферу Великой степи. Усиливали это ощущение переплетения времён проникновенный доквал, виртуозная игра на домбре и продуманные до мелочей постановки.

Сразу несколько коллективов взяли за основу обряд

сырга салу. И каждый из них был по-своему уникальным и аутентичными. Так, департамент бухгалтерского учета дополнил свою программу танцами, песнями под аккомпанемент домбры, играми в асыки, а также они стали единственными участниками, кто в отведенный регламент успел провести искрометный айтыс.



Департамент кадрового администрирования сумел в точности передать элементы внутреннего убранства юрты, а дастархан изобилует исклчительно национальными блюдами. Обряду сырга салу предшествовали арқан керу, құдалық, төс қағыстыру, венчал все это той бастар.

Конкурсная комиссия отметила, что коллективу департамента финансовой отчетности удалось не упустить ни одной детали из традиционного обряда. Он прошёл весело и зажигательно, к тому же они единственными исполнили сынсу.

Центр разработки и внедрения типовых нормативов представил свой сырга салу в виде театральной постановки – момент сватовства и



По итогам конкурса максимальное количество баллов набрал коллектив департамента бухгалтерского учета – они стали победителями конкурса и получили сертификат в магазин электроники номиналом 100 тысяч тенге. Второе место и сертификат на 80 тысяч тенге – у департамента финансовой отчетности. Замкнули тройку лидеров работники департамента администрирования филиалов, их приз – сертификат на 60 тысяч тенге.

В номинации «Ең үздік тағам» победил департамент кадрового администрирования. «Ең үздік салт-дәстүр» – Центр разработки и внедрения типовых нормативов, а в номинации «Ең үздік дәстүрлі ұстаным» лучшим стал департамент налоговой отчетности.

– Все участники продемонстрировали отличные знания национальных традиций и обрядов. Это основы нашего духовного развития и воспитания будущих поколений. Отлично, что особое внимание уделено точному воссозданию деталей. Все были достойны победы! – поделился председатель жюри Жупарбек Сабитов. Фото Александра ЖАБЧУКА

НАУРЫЗ – ТАЗАЛЫҚ АЙЫ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қазалы

СЕНБІЛІК

«Тазалық табалдырықтан басталады» деп білетін қазалылықтар теміржол торабындағы сенбілікті наурыз туа бастап кеткен.

Қазалы вагон пайдалану депосының ұжымы жылдағы әдетінше биыл да алғашқылар қатарында санитарлық-тазалық жұмыстарын жүргізіп, тұрақты сенбіліктер өткізе бастады. Кәсіподақ ұйымы белсенділерінің ұйымдастыруымен қолға алынған кезекті сенбілікке ауысымаралық және жұмыстан тыс теміржолшылар жұмылдырылды.



Бірінші кезекте жұмыс орнын ретке келтіріп, депо ауласына ауысқан. Одан кейін жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсететін барлық бекеттерде жалғасын тауып, техникалық қызмет орындарды да ретке келтіруге күш жұмсалды. Депоға қарасты техникалық қызмет көрсету бекеттерінде түрлі көлемдегі қоқыс жәшіктері ретке келтіріліп, жоқ жеріне жаңадан орналастырылып, ағаш-талдардың қураған бұтақтары кесіліп, түптері қопсытылып, әкпен залалсыздандырылуда. Арықтар тазартылып, қоқыстар сыртқа шығарылып, бекеттердегі магистральдық желілер бойы да тазартылуда.

– Сенбіліктің қоғамның назарын тазалық сақтауға аударып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор. «Тазалық бар жерде береке бар» демекші, айналаны тазалап болған соң көшет отырғызу жұмыстары қолға алынады, – деді Қазалы вагон депосының бастығы Арғын Орымбаев.

Суретті түсірген автор

ТЕЖЕГІШ ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ТЕХСАБАҚ

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда пойыздар тежегішін дұрыс қолдана білудің маңызы зор. Жуырда сол мақсатта Атырау локомотив пайдалану депосында вагон пайдалану депосы мамандарымен бірлескен «Тежегіш жабдығына – ерекше бақылау» атты айлық аясында практикалық сабақ өтті.



Оған Ганюшкино, Атырау, Ақжайық, Махамбет, Мақат, Сағыз, Құлсары өндірістік-техникалық қызмет көрсету пункттерінің басшылары, нұсқаушы, техникалық оқыту шеберлері, слесарь-жөндеуші, аға вагон қараушылар, инженер-технологтары – барлығы 17 адам қатысты. Теориялық сабақ барысында жылжымалы құрамның тежегіштерін пайдалану бойынша нұсқаулықтар, тежегіштерді пойыз жүріп бара жатқанда басқару, станцияларда автотежегішті толықтай тексеріп шығу, стандартты емес жағдайларда локомотив бригадаларының әрекеті қандай болуы керек деген сынды мәселелер айтылып, жан-жақты түсіндірілді.

Ал практикалық сабақ барысында пойыз тежегіштерін бақылап тексеру тәртібі көрсетілді. ТЧЭ-3 және ВЧД-1 мамандары ТЭЗ3А-0240 сериялы тепловоз кабинасында табло арқылы тежегіштер жұмысының қыр-сырымен танысты.

Атырау локомотив пайдалану депосының нұсқаушылары Б.Жұмалиев пен М.Набиев тежегіштер жүйесінің жұмысын тәптіштеп түсіндіріп, қолмен көрсетіп, сұрақтарға жауап берді. Қысқасы, тежегіш тақырыбын зерттеген сабақ болды.

Нұсқаушылардың айтуынша, бұрынғы ТМ тепловоздары қарапайым, қондырғысы оңай болса, Эволюшн тепловоздары толықтай компьютерлендірілген. Мұнда тепловоздың май деңгейі, шығын, тежегіш жұмысы, басқа да мәліметтерді таблода көрсетіп тұрады. Сондықтан жөндеу жұмыстары да күрделі.

Атырау вагон пайдалану депосының бас инженері Рашид Мұсабаевтың айтуынша, мұндай бірлескен техникалық оқу тұңғыш рет өткізіліп отыр және ол өте қажет дүние. Өйткені пойыз тұрып қалған жағдайда локомотив бригадасы мен вагоншылар комиссия шешімімен оның себебін анықтауға тырысады. Осы тұста әр түрлі пікірлер қайшылығы да туындайды. Өйткені тепловозда да, вагонда да тежегіш болады. Ақау қайсысынан шықты? Міне, осыны анықтау қажет. Ал мұндай практикалық сабақ ақауды тезірек тауып, бірлесе әрекет етуге жұмылдырады. Алдағы уақытта осындай практикалық сабақ Мақат локомотив депосында да өткізілмекші.

Суретті түсірген автор

ДИСПЕТЧЕРЛЕР ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ

Маңғыстау темір жолында Наурыз мерекесі қарсаңында көптен күткен жағымды жаңалық болды. Шұғыл реттеу және басқару бөлімі Ақтөбедегі диспетчерлік орталыққа көшірілгелі үш жылға жуық диспетчерсіз жұмыс істеген бөлімшеде бұл қызмет қайта ашылды.

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Яғни, логистика бөлімінен 5 диспетчер штаты ашылып, бұрынғы кеткен кадрлар логистика және жүк тасымалдау бөлімінің диспетчерлері болып жұмысқа кірісті. Еске сала кетсек, 2020 жылы қазан айына дейін Маңғыстау жол бөлімшесінде шұғыл басқару бөлімі бар болатын. Ауыс-түйістер нәтижесінде бөлімше қосалқы бөлім аталып, диспетчерлер Ақтөбеге көшіп, қалғаны басқа жұмыстарға ауысқан. Маңғыстауда логистика бөлімі ғана қалып, өңірге келе жатқан жүктерді қадағалап, тасымалды ұйымдастыру тек соларға ғана жүктелді. Бұл міндетті бөлім басшысы мен екі инженер ғана атқарып келді. Олардың жұмыс кестесі тек күндіз болғандықтан өңірге келіп-кетіп жатқан жүктерді жергілікті жерден қадағалап отыру мүмкіндігі айтарлықтай шектелген еді.

– Маңғыстауда жүк ағыны толассыз көбейіп жатыр. Диспетчерлеріміз орталыққа кеткелі бізге олардың қажеттігі аса байқалды. Мәселені жоғары басшылыққа жеткізіп, оң шешімін күткен едік. Міне, 10 наурыздан бастап 1 аға диспетчер мен 4 диспетчер жұмысына кірісті. Бұл ма-

мандар бұрын өзімізде еңбек етіп, бөлім таратылған соң біреуі Ақтөбеге кетсе, екеуі осында жұмыс істеп жүрген. Тағы біреуі магистральдық желі бөлімшесіне ауысқан. Логист-мамандардың 8 сағаттық жұмыс тәртібі диспетчерлер жұмысын ауыстыра алмады, түнгі мерзімдегі жұмыс қараусыз қалатын болды. Енді тасымал тәулік бойы бақылауда. 4 диспетчер 12 сағаттан ауысымға түсіп, біреуі күндізгі мезгілде олардың жұмысын қадағалап отырады. Қазіргі кезде көрсеткіштеріміз артып, жаңа бағыттар көбейіп жатыр, – дейді Маңғыстау логистика бөлімінің басшысы Айбек Өтеков.

Айтуынша, бұған дейін күні-түні қадағалап отыратын диспетчер болмағандықтан жүктердің тұрып қалуы, уақытында жеткізілмеуі сияқты мәселелер де кездескен. Енді ауысыммен жұмыс болған соң әрбір вагонның қозғалысын дер кезінде қадағалап отыруға толық мүмкіндік бар. Өңірге қандай вагондар келеді, қайсысын түсіріп жатыр, қайсысы тұр, бәрін көре алады. Бұл әсіресе транзиттік, Құрық портымен теңіз асатын, Болашақтан Түркіменстан темір жолына тапсырылатын, Ақтау портымен Иранға бағытталатын жүктердің бәрін Ақтөбедегі диспетчерлік аппаратпен біріге



отырып өзімізден де бақылауға қолайлы жол ашады дейді мамандар.

– Наурыз айында жүк айналымы көрсеткіші жоспардан асыра орындалып жатыр. Жүк тиеу бойынша жоспар осы айға күніне 125 вагон немесе 8 мың тонна берілген. Қазір айдың ортасынан астық, оны орындау – 96 пайыз. Тәулігіне 7,6 тонна жүк тиеп отырмыз, наурыздың соңына дейін жүз пайызға жеткіземіз деген болжам бар. Дегенмен мұны вагондар санымен есептесек, 102 пайыз болады. Әлі алда контейнерлік тасымалдың қарқын алуы күтілуде. Жуырда Ресей жақтан Болашақ станциясы арқылы өтетін тағы бір тасымалға келісімшарт жасалды. Бүгінде Түркімен теміржолына күніне 3 пойыз тапсырамыз. Ол 10 пойызға дейін жетеді деген болжам бар, – дейді Айбек Өтеков.

Суретті түсірген автор

«ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ» ДЕГЕН ОСЫ...



МЕРЕЙ

Жамбылдық жас теміржолшылар қатарында көп балалы отбасылар аз емес. Болат жолдың көсегесін көгертіп, еліміздің демографиялық өсіміне үлес қосып жүрген олар «болашақ теміржолшылар династиясын өсіріп жатырмыз» дейді әзіл-шыны аралас.

**Ерман ӘБДИЕВ,**
Тараз

Жамбыл электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Қайрат Сейдұлда – көп балалы шаңырақтың иесі. Жары Шарбану Шаймерденова Жамбыл локомотив пайдалану депосында бухгалтер. Ерлі-зайыптылар отбасында бес бала өсіп келеді, кенжелері – егіздер.

Жалпы, бұл әулетті «теміржолшылар династиясы» деп атауға толық негіз бар. Қайраттың бабасы – Тасыбай Ешназар Түркісіб құрылысына қатысқан. Әулеттің болат жолдағы қолтаңбасы сол дәуірден басталады. Ал атасы Сейдұлда Ешназарұлы «Құрметті теміржолшы» атанған, талай жыл Жамбыл бөлімшесінде қауіпсіздік ревизоры болған. Әкесі Маралбек Сейдұлдаұлы Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясында



ұзақ жыл еңбекті қорғау инженері, кадр бөлімінің басшысы болып еңбек еткен. Өкініштісі, Маралбек Сейдұлдаұлы 2016 жылы өмірден ерте кетті. Ал қазір бауыры Нұрпейіс Тасыбаев Жамбыл белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек етіп жүр.

Ал бесінші буын – Қайраттың ұлдары, кім біледі ертен олар да ата кәсібін жалғастырап. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы.

Қайрат болат жолдағы еңбек жолын 2008 жылы осы дистанцияда электромеханик болып бастаған. 2011-2016 жылдары Астана электрмен жабдықтау дистанциясында электромеханик, цех басшысы, 2016-2019 жылдары Орталық электро-техникалық зертханасында жетекші инженер болып еңбек етті, 2019 жылдан дистанция директоры.

– Алланың берген төрт ұл,

бір қызын тәрбиелеп отырмыз. Жұмыстан келгенде осылардың қызығымен күні бойы шаршағаныңды ұмыттып кетесің. Тұңғышым Ақылбек облыс орталығындағы №3 гимназияның 6 сынып оқушысы. Оқу үздігі. Футболға қызығады. 2 сыныпта оқитын Асылбек те осы мектепте білім алады. 3 сыныптағы қызым Айсезім «Інжу» жекеменшік білім ошағында оқиды, математика пәнінен республикалық, облыстық, қалалық олимпиадаларда топ жарып жүр. 2019 жылы өмірге келген егіз ұлдарым – Айтөре мен Хантөре «Арайлыбақ» балабақшасына барады. Бауырмал, жанашыр, тілектес, ниеттес ұрпақ тәрбиелеу – парыз. Жалпы, көп балалы болудан қашпау керек, «бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» деген ғой қажекем, яғни әр баланың ырыс-несіесі бар, – дейді Қайрат Маралбекұлы.

Суретті түсірген автор

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨСКЕН



ТАСЫМАЛ

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Сонымен қатар вагон паркі және локомотив шаруашылығы бойынша да жол басынан бері қолға алынған жұмыстар шаралар сәтпен орындалды. Мәселен, небары бір аптаның ішінде ғана орта есеппен алғанда 380 758 тонна жүк тасымалданған. Оның ішінде Дегелең станциясынан тиелетін көмір басымды орынға ие. Бір ғана қаңтар айында апта ішінде 183 648 тонна қатты отын шартарапқа жол тартқан. Ал келесі кезекте түсті металл мен цемент тұр. Сондай-ақ қамбалардағы сақтаулы астық пен металлолом тиеу ісі де бұрын-соңды тіркелмеген жаңа деңгейге жетіп отыр. Жалпы, жылдың алғашқы айлары жүк тасымалы бойынша бәсең өтетіні белгілі. Сондықтан тың көрсеткіштерді жаңа рекордтардың бастамасы деуге болады.

Жүк айналымында әсіресе контейнерлік тасымалдың үлесі артқан. Соңғы апталарда



10 мың тоннадан астам контейнерлік жүк тиеліпті.

Десек те, қазіргі таңдағы басты міндеттердің бірі Қаражыра көмірін кедергісіз жөнелту болып отыр. Бұл орайда өткен қаңтар айында қолға алынған «Аз вагон паркімен – көп тасымал» бастамасы әлі күшінде тұр. Яғни, арнайы ұйымдастырылған маршруттар бойынша жүк жіберу әдісі оң нәтижелер беруде. Жылу электр орталықтары мен жеке сектор үшін көмір тиелген вагондарды өңдеу уақытын азайта отырып, бөгелтпей жөнелту жұмыстарын жүргізу қолға алынып, жаңа бастама қаңтар айының өзінде жақсы нәтижелерге қол

жеткізді. Бір ай ішінде осындай тәсілмен 43 жылжымалы құрам жолға шығарылған. Бүгінде шығыстағы жылу нысандарында ең кемі екі аптаға жететін қор бар.

– Өзірге бұл көмір тасымалындағы ең үздік нәтиже болып отыр. Өткен жылдың соңында да бұл тәсіл қолданылған болатын. Алайда ол кезде небары 16 бағыт ғана ұйымдастырылған еді, – дейді Семей ЖТ бөлімшесі өндірістік-техникалық бөлімінің мамандары.

Аймақтағы жүк айналымындағы тағы бір жаңалық – астық тасымалының белең алуы. Осы тоқсан бойынша аптасына орта есеппен алғанда 10 192 тонна астық тиелген. Бұл көрсеткіш наурыз айында тіптен өсіп отыр.

Айта кететін жайт, жүк айналымының көбеюі Семей станциясы торабын жаңғыртуды қажет етуде. Осы орайда «Кеден-транссервис» АҚ өкілдерімен келіссөздер жүргізілуде. Егер жоспар іске асырылатын болса, аталмыш бастамаға 2,1 млрд теңгенің инвестициясы салынбақ. Бұл жайт өз кезегінде жүк транзитін арттырып, жылжымалы құрамдарды қабылдау мүмкіндігін де кеңейтеді деп күтілуде.

Суретті түсірген автор

СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ



ПРОИЗВОДСТВО

На базе филиала «Астанинское локомотиво-ремонтное депо» ТОО «Камқор Локомотив» компания «ЛокоТех-Сигнал Азия» открыла современную производственную площадку по выпуску систем микропроцессорной централизации (МПЦ) CTRL@LOCK 400. Официальный старт работы площадки дали руководители служб и подразделений АО «НК «КТЖ», а также представители инжиниринговых институтов Казахстана.

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана

На созданном производстве будут изготавливаться системы МПЦ.

– Они предназначены для управления стрелками, светофорами и другими объектами, обеспечения безопасности движения подвижного состава и мониторинга его положения на инфраструктуре, – отметил директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Салмен Амрин.

Специалисты новой производственной площадки займутся разработкой конструкторской и технической документации, тестированием и установкой программного обеспечения, проведением заводских испытаний, в том числе с участием заказчика, перед отправкой оборудования на объект внедрения.

В ходе мероприятия участники подписали пакет соглашений, предусматривающих передачу в Центр компетенций технологий изготовления автоматизиро-



ванных систем управления движением исходных кодов и прав на программное обеспечение, а также сотрудничество с Академией логистики

железнодорожном транспорте. – Это не только производственная площадка, но и центр компетенций в области железнодорожной автоматики.



ЦЕНТР КОМПЕТЕНЦИЙ ТЕХНОЛОГИЙ ИЗГОТОВЛЕНИЯ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ СИСТЕМ УПРАВЛЕНИЯ ДВИЖЕНИЕМ – ЭТО НЕ ТОЛЬКО ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ПЛОЩАДКА, НО И ЦЕНТР КОМПЕТЕНЦИЙ В ОБЛАСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ АВТОМАТИКИ.

и транспорта для организации учебного класса с целью обучения будущих специалистов автоматики и телемеханики на

Учитывая, что материнская компания ТМХ-Интеллектуальные системы – это инжиниринговая компания, мы



планируем осуществлять сотрудничество с ведущими научно-исследовательскими организациями Республики Казахстан, в частности с Академией логистики и транспорта – высшим техническим учебным заведением Казахстана по подготовке кадров для железнодорожного транспорта, – сказал управляющий директор по развитию интеллектуальных систем управления АО «ТМХ» Андрей Романчиков.

В планах компании к лету текущего года запустить в эксплуатацию систему МПЦ на одном из крупнейших промышленных предприятий Казахстана. Это будет первый реализованный проект по схеме «Сделано в Казахстане». ТМХ-ИС и ЛТС Азия на протяжении нескольких лет активно участвуют в модернизации систем управления движением на железнодорожной сети Казахстана. Так, в мае 2022 года была запущена в эксплуатацию система микропроцессорной централизации CTRL@LOCK 400 на железнодорожной станции Майлытогай, расположенной на главном ходу маршрута Москва – Ташкент.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

ОДНИ ЗАДАЧИ



СЕМИНАР

Изломы рельсов в сварных стыках бесстыкового пути, особенности сварки рельсов с применением машин ПРСМ, неразрушающий контроль рельсов, расшифровка дефектограмм стали главными темами двухдневного семинара-совещания, прошедшего в Акмолинском регионе.

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

В мероприятии приняли участие отраслевые ревизоры по хозяйству пути департамента безопасности движения АО

«НК «КТЖ», работники филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути», руководители Акмолинского отделения магистральной сети, Акмолинского отделения грузовых перевозок, руководители

Курорт-Боровского рельсосварочного предприятия.

– Цель семинара – повышение эффективности работы и организации внутреннего контроля за обеспечением безопасности движения, – отметил главный ревизор Акмолинского участка Артур Кизатов.

В ходе семинара-совещания участники обсудили нарушения технологических процессов сварки рельсов, эксплуатации плетей бесстыкового пути, особенности технологического процесса входного контроля средствами диагностики и дальнейший контроль в эксплуатации.

Кроме того, был организован выезд на перегон Кокшетау – Жамантуз для наглядной

демонстрации текущего содержания сварных стыков. На базе ЦПД станция Сороковая участникам также была продемонстрирована работа мобильных диагностических комплексов. На данный момент диагностика инфраструктуры магистральной сети проводится семью единицами мобильных диагностических комплексов. Внедрение систем позволило повысить уровень безопасности движения поездов за счет своевременного выявления неисправностей пути и дефектов рельсов, а также проведения комплексной диагностики пути для перехода на ремонт по фактическому состоянию пути.

Для улучшения состояния и содержания бесстыкового пути в настоящее время департаментом пути и сооружений взят курс на увеличение длины рельсовых плетей с применением машин ПРСМ и алюминотермитной сварки. По итогам двухдневного семинара-совещания разработаны мероприятия, направленные на повышение безопасности движения поездов.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

СИТУАЦИЯ ПОД КОНТРОЛЕМ



ПАВОДОК

Илецкие путейцы внимательно отслеживают ситуацию с паводком, учитывая резкое потепление в марте. В Западно-Казахстанской области в ряде районов объявлена ЧС, в том числе в соседнем Чингирлауском районе. Однако железнодорожным путям на данном участке большая вода не угрожает.

**Яна ЛЕНИНА,**
Илецк

По данным Илецкой дистанции пути (ПЧ-3), на обслуживаемом участке Казахских железных дорог паводок еще не начался. Подготовительные работы для пропуска воды проведены своевременно и в полном объеме. В частности, очищены 52 русла мостов, 28 труб, 21,1 километра кюветов, 4,3 – нагорных канав и 9,5 – водоотводных канав.

– На платформу бутовый материал

пока не грузили, отгрузку начнем в случае осложнения паводковой ситуации, – поясняет мастер пути по искусственным сооружениям ПЧ-3 Илецк Иван Зуенко. – По нашей дистанции имеется семь особо опасных мест, за которыми ведется постоянное наблюдение и осмотры. Для проведения технических занятий с машинистами Уральскому, Актобинскому и Илецкому эксплуатационным локомотивным депо разосланы выписки из «Перечня особо опасных мест».

При обильном паводке угроза подмыва устоев мостов возможна на 1 494-м километре у металлического моста в районе разезда Уютный, на 1 501-м – у железобетонного моста на перегоне Уютный – Базырово. А также у металлических мостов на перегонах Базырово – Цвиллинга, Цвиллинга – Денной, Денной – Илецк. На данных местах обеспечена телефонная связь, установлено освещение, ведется мониторинг прилегающей к путям территории.

Фото автора



ДЛИННОМЕРНЫЕ РЕЛЬСЫ ДЛЯ КТЖ

**Роман ЛЮБИМОВ,**
Астана

АКТУАЛЬНО

Первая партия 120-метровых рельсов казахстанского производства доставлена в филиал АО «НК «КТЖ» – «Луговское рельсосварочное предприятие». Использование длинномерных рельсов снижает затраты при укладке железнодорожного полотна и его эксплуатации.

Рельсы 120-метровой длины отгружены с Актобинского рельсобалочного завода (АРБЗ) – одного из наиболее значимых проектов второй пятилетки индустриализации.

На предприятии длинномерные рельсы сварят в 800-метровые плиты, которые будут использованы при капитальном ремонте пути. Такая конструкция пути имеет минимальное количество стыков, за счет чего обеспечиваются плавность при движении пассажирских поездов и повышение скорости грузовых составов на участках. Укладка бесстыкового пути на сети КТЖ производится с помощью специальной машины Robel.

Для отгрузки и перевозки 120-метровых рельсов приобретен специальный подвижной состав казахстанского производства. Ранее с завода в адрес АО «НК «КТЖ» доставлялись рельсы длиной 100 метров, которые перевозились на арендованных в России стометровых рельсовозах.

В рамках долгосрочного договора между АО «НК «КТЖ» и ТОО «АРБЗ» ежегодно для модернизации магистральной железнодорожной сети поставляется порядка 80 тысяч тонн рельсовой продукции.

В ПОМОЩЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКАМ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

БЕЗОПАСНОСТЬ

В Карагандинском регионе ситуация, связанная с наездом на скот, по-прежнему остается тревожной. Так, в прошлом году было зарегистрировано около 42 случаев наезда на людей и домашних животных.

Как известно, столкновение локомотивов со скотом неминуемо ведет к их гибели, а также к финансовым убыткам. К тому же машинисты испытывают большой стресс, который впоследствии скажется на их психологическом здоровье.

К сожалению, профилактическая работа железнодорожников, полицейских с хозяевами животных не всегда имеет положительный результат. Вынужденной мерой стало введение штрафных санкций, согласно статье 408 Кодекса об административных правонарушениях. Теперь действие статьи распространяется в полной мере. В противном случае им предусмотрен штраф в размере трех МРП, то есть 10 350 тенге, но если бродячий скот станет причиной нанесения вреда здоровью или повреждения имущества, то он возрастет до 10 МРП – 34 500 тенге.

– На сегодняшний день вопросы нахождения домашних животных на железнодорожных путях остаются актуальными на перегонах. Согласно «дорожной карте» филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети», с учетом неблагоприятной ситуации прошлых лет в 2023 году запланировано строительство изгороди от выхода скота на путь, – говорит руководитель НЖС-4 Нурлан Мусабаев.

Так, на перегоне Тегискол – Углерудная при длине перегона около 10 километров будет построено два километра скотоизгороди, на перегоне Шюкай – Мырза – один, на перегоне Жарык – Нилды – более восьми, Кокдомбак – Балхаш-1 – один, Акжайдак – Ащюзек – пять, Туйеойнак – Теректы – семь, Теректы – разд 60 – восемь.

УБОРКА В ПАРКЕ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

СУББОТНИК

К празднованию большого и значимого праздника железнодорожники стали готовиться заранее. В парке железнодорожного микрорайона Защита Усть-Каменогорска они провели очистку территории, где будут устанавливать юрты.

В субботнике приняли участие работники Оскеменского эксплуатационного вагонного депо, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, представители профсоюзных организаций этих предприятий. Считали снег, убирали мусор.

– К Наурызу в парке установят четыре юрты: Оскеменское эксплуатационное локомотивное депо, станция Оскемен-1, Оскеменское эксплуатационное вагонное депо, Оскеменская дистанция пути и Защитинская дистанция сигнализации и связи совместно, – рассказала представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева.

Праздник будут отмечать не только железнодорожники, но и жители всего микрорайона! Таких совместных торжеств не было уже несколько лет.

Фото автора



ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ДАМЫТЫП...

«Нұрлы жол» вокзал кешені персоналды басқару бөлімінің менеджері Айдана Сүлейменованың керемет өнері –көздің жауын алатын құрақ көрпелер тігеді. Бұл өнерді ол коронавирус пандемиясы кезіндегі карантин уақытында қолға алыпты.

Жұмыс тоқтап, үйде отырған кезде ол туған жері Ақтөбеге кетеді. – Сол жақта уақытша жұмыссыз жатқандықтан өзіме хобби ретінде осы өнерді таптым. Анам әжем жинаған 2 қашық қалған-құтқан маталарды берді. Ютубтан қарап отырып, кесіп-пішіп, құрақ тіге бастадым, өз бетімше үйрендім. Карантин кезінде 2 айдың ішін-де 7 көрпе құрап шықтым. Одан кейін неше түрлі курстар сатып алып, қазіргі заманауи үлгідегі құрақ көрпелерді тіге бастадым. Құрақ көрпеден басқа киім тігемін, тоқыма тоқимын. Анам «қолөнер – қыздың қолы, үйрен» деп отыра-ды. Басқа да ұлттық өнерден құр алақан емеспін. Жалпы қолөнерге

деген қызығушылық нағашы әжемнен де, туған әжемнен де дарыған, – дейді өнерлі теміржолшы.

Ақтөбеде дүниеге келген ол теміржолдан жоғары білім алған соң елордаға келіп қызметін вокзалда кезекші болып бастаған. Бүгінде кадр қыз-метінде, жұмысы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, шығару, еңбек демалысын берумен байланысты.

– Жалпы кадр бөлімі болған-дықтан 100 пайыз қызметкерлер-мен тікелей жұмыс істейміз. Қазір бізде 300-ден астам қызметкер бар. Солардың ай сайынғы еңбек демалысы, жұмысқа қабылдануы, материалдық көмек көрсету, бала



туу, отбасын құру, медициналық сақтандыру, балаларына жол-дама беру, медициналық тек-серуге жіберу, соны қадағалау, әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысу, ұжымдық рухты көтеруге атсалысу сынды кадр бөлімінің жұмыстары жеткілікті, әр кезде жұмысшылардың мәселелерін шешуге тырысамыз, – дейді Айдана.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

костюмы, а также в совершенстве владеет искусством народного танца. Благодаря этим талантам она в прошлом году заняла первое место в конкурсе «День семьи», который проводился в компании, где Эльмира представила видеоро-лик, ознакомив зрителей со всеми сторонами ее таланта. В рамках же Костанайского отделения магистральной сети железнодорожница заняла первое место в номинации «Охрана труда», что также стало свидетельством ее компетентности и профессионализма.

Ну и, конечно же, нынешний праздник Наурыз на отдаленной станции Койбагар не обошелся без ее активного участия. Вместе с железнодорожным коллективом станции они установили на главной площади праздничную юрту, в которой все желающие смогли попробовать вкусные национальные блюда, приготовленные Эльмирой Баймухамбетовой, – бешбармак, баурсаки, наурыз коже и другие, а также по достоинству оценить национальные костюмы и тради-ционное казахское гостеприимство железнодорожных хозяев юрты.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

НАШИ РУКИ НЕ ДЛЯ СКУКИ

Рукодельница и инженер-технолог первой категории производственного отдела ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» Уасилия Нурмуханбетова на протяжении нескольких лет создает нацио-нальные изделия, отличающиеся изяществом и неповторимым стилем. Главная ее миссия – сохранить древние традиции предков.

Наша героиня – мастер по лоску-ному шитью. Своими красочными национальными изделиями она радует не только домочадцев, но и заказчиков. Правда, для нее глав-ное – качество и авторский дизайн. Она ставит перед собой задачу возродить и сохранить искусство шитья наших предков и передать это наследие молодому поколению.

– Шью не только курақ көрпе, но и приданое для девушек, на-циональные головные уборы. Вот на Наурыз мейрамы заказали 80 тобетеек, – с улыбой рассказы-вает Уасилия Турысбековна. – Свое первое лоскутное одеяло сшила в 19 лет, но в 90-е наступил кризис, пришлось отложить в долгий ящик любимое дело.

Сегодня она активный участник различных национальных конкур-сов, выступает и организатором. И работу с увлечением совмещает играючи. Уасилия Нурмуханбетова



делится ими. Бывший аким Павло-дарской области Абылкаир Скаков для мастериц региона выделил помещение в здании мультиме-дийного музея «Egits», сейчас это центр прикладного искусства, где мы проводим мастер-классы для начинающих рукодельниц, – говорит Уасилия Турысбековна.

В свободное время наша героиня занимается наукой, пишет стихи и афоризмы. Это то, что греет душу, вселяет в нее надежду и выступает мотивацией двигаться вперед.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ТЕМІРЖОЛШЫ ҒАМ САЯТШЫ

«Ақтөбе-Маңғыстау» пой-зызының бастығы Әліби Танимов – көшпелі елдің ажырамас ұлттық кәсібі аңшылық өнерді ұстанған жан. Бала кезден әуес саятшылық өнеріне бүкіл бос уақытын арнайды.

38 жастағы жігіт ағасы 20 жыл-дан бері аңшылықпен кәсібі түр-де айналысады. Қанжығасында жыртқыш аңның барлық түрі бар. Қаз бен үйректен бөлек, қасқыр, түлкі, қоян, жабайы қабанға дейін ұстаған. Бос уақытында тазы жү-гіртіп, ат баптайды.

«Біз аңды түрде аңшылық етеміз. Құжатым да, құрыым да бар, бірақ аңды қорлауға болмайды, киесі бар деген ұстанымдамын. Бұл – хобби. Тек маусым кезінде аң аулауға



шығамыз», – дейді сері-теміржолшы.

Бүгінде мылтық асынып, тазы жүгіртіп, құс салатын аңшылық һәм саятшылық кәсібі қайта да-муда. Ата жолын жалғастырып келе жатқан серілерді әр жерден кездестіруге болады.

«Аңға шығатын тазы бөлек бо-

лады. Мінезді, қырағы келеді. Кез келген тазы жыртқыш аңды ала алмайды. Олардың да өз тактикасы бар. Аңға шығардың алдында бір күн бұрын тамақ бермей, тазыларды дайындаймыз. Дәрумендерін алдын ала беріп қоясың. Ал астындағы атың қайратты болу керек», – дейді Әліби. Теміржолшы жігіт үшін спорттың бұл түрі нағыз демалыс. Айтуынша, аң аулауды кәсіп еткен адам табиғатты да аялауға тиіс.

«Құстың жұмыртқалайтын уақы-тында аңшылық жасалмайды. Көктемде құстың еркегін ғана атуға рұқсат. Әр аңды аулайтын уақыт бар. Буаз кезінде атуға бол-майды», – дейді.

Қазақстан – саятшылықты спортқа кіргізген алғашқы ел. Саятшылық өнер табиғаттағы тепе-теңдікті бұзбай, ұлы үйлесімге кесірін тигізбейтіндей етіп, жүр-гізілуге тиіс.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

Спорт

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Семейлік теміржолшылар салалық кәсіподақ ұйымының бастамасымен көктем мерекесіне орай ұйымдастырылған «Наурыз-2023» атты волейбол сайысында шеберлік сынасты.

Жылдың айтулы спорттық сайысы болғандықтан оған желі бойындағы бар-лық мекемелердің командалары қатысты. Спорттық сайыстың ашылу салтанатында Әнуарын ойынып, барша қатысушылар Мемлекеттік Туға қарап сап түзеді. Осыдан соң бөлімше кәсіподақ ұйымының төрайы-мы Данагүл Өтеленова көпшілікті Наурыз мерекесімен құттықтап, қатысушыларға жеңіс тіледі. Барлық теміржолшыларды салауатты өмір салтын ұстанып, тұрақты түрде спортты серік етуге шақырды.

Күні бойы жалғасқан жарыс барысы мей-лінше тартысты өтті. Әсіресе локомотившіл-ер жолшылардан тұратын команданың ойыны аса тартысты өрбіп, қызулыққа жанкүйерлердің қықуына ұласқан сайыста жеңімпаздарды анықтау қиынға түсті. Барлық командалар кілең мықты ойыншыларын іріктеп әкелген сынды. Сондықтан тек шамалы ұпай айырмашылығымен бірнеше команда жеңіс тұғырына көтерілді. Жүлделі үшінші орынды Жаңа-Семей командасы иеленсе, екінші орынды ТЧЗ-24 машинис-

тері қанжығаға байлады. Ал бас жүлдені осымен сегізінші мәрте бөлімше чемпионы атанған ПЧ-39 командасы тағы да жеңіп алды. Барлық жеңімпаз командалар ақ-шалай сыйлықтар алды.

Үздік өнер көрсеткен Олжас Санақбек, Мейір Садуахасов, Ержан Еппаев, Медет Қазезов, Сұлтан Қаленов сынды теміржол-шылар кәсіподақтың мақтау қағазымен марапатталды.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор



НАУРЫЗУ ПОСВЯЩАЕТСЯ

Илецкие железнодорожники в канун Наурыза решили провести спартакиаду, посвященную этому яркому национальному празднику. Соревнования по армрестлингу, волейболу и футболу среди команд филиалов Илецкого железнодорожного участка и ТОО «КТЖ – Грузо-вые перевозки» – «Илецк» прошли в минувшие выходные.

Здесь давно вошло в тра-дицию проводить различные спортивные мероприятия в честь весеннего праздни-ка Наурыз. Организаторы – председатели профсоюзных комитетов филиалов.

После подробного инструк-тажа с разъяснениями правил игр и проведенной жеребьевки участники соревнований тепло поздравил с наступающим праздником директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевоз-ки» – «Илецк» Даунт Ниязбаев и главный инженер филиала ИЖУ



Бактияр Гасумов. Болеельщики активно поддерживали своих спортсменов, трепетно следили за спортивными баталиями. И спортсмены не подкачали, показав и боевой дух, и волю

к победе, и умение достойно принимать поражение.

В итоге призовые места распределились следующим образом. По волейболу среди мужчин первое место заняла

команда станции Илецк, второе – команда Илецкой дистанции пути, третье место осталось за командой Илецкого локомо-тивного депо.

Победителем футбольных соревнований стала команда ПТО станции Илецк, второе место заняла команда воени-зированной железнодорожной охраны, третье – команда Илец-кой дистанции сигнализации и связи (ШЧ-6). В состязаниях силачей – армрестлинге – первое место по праву занял дежурный по горке станции Илецк Алек-сандр Моисеев, второе – старший электромеханик ШЧ-6 Каержан Ногуманов, третье – электромонтер по ремонту высоковольтных линий электропередачи ЭЧО Андрей Энгельс. Все призеры награждены грамотами и памятными призами.

Яна ЛЕНИНА, Илецк
Фото автора

ПЕРВЕНСТВО В АЛТЫНКОЛЕ



На станции Алтынколь в минувшие выходные прошло пер-венство по волейболу среди железнодорожников и соревно-вания по настольной игре «Тоғыз-құмалақ».

Начались соревнования с волейбола. Участие в игре приняли девять команд. Надо сказать, что встреча была интригующей и захватывающей. Технику и мастерство продемонстрировала команда ВЖДО.

Стоит сказать, что каждая команда показала излюбленные приемы и схемы игры, доказавшие свою эффективность и точность движений. В игре отличились спортсмены команды Алтынкольской дистанции пути, а также работники фи-лиала АО «Кедентранссервис».

После упорной игры первое место за-воевала команда ВЖДО, вырвав победу у соперников Алтынкольской дистанции пути, которой досталось второе место, на третьей позиции расположились спорт-смены филиала АО «Кедентранссервис».

Спортивная суббота ознаменовалась и соревнованиями по настольной игре «Тоғыз-құмалақ», призванной развивать логику, смекалку и выдержку. Популярность данного вида игры в регионе обрета-ет почитателей и растет с каждым годом.

Главная ее задача – перекладывая камешки в игровых лунках, собрать их как можно больше в свой «казан». Собранные камешки складываются в накопительную лунку. Игроки делают ходы поочередно. Участ-ник, которому выпало по жребию право первого хода, вынимает из любой лунки своего ряда все шарики, кроме одного, и переносит их слева направо, опуская по одному в каждую последующую лунку с таким расчетом, чтобы последний шарик попал в лунку. Игра строится не только на скорости подсчета, но и на тактике.

После упорной борьбы первое место занял монтер Алтынкольской дистанции пути Рахманбек Жандос, второе место – работник Алматинского эксплуатационного вагонного депо Шаймолда Мейрамбек, на третьем – преподаватель школы в поселке Нуркент Тлек Тугельбаев. Всем участникам соревнований вручили грамоты и кубки.

Милена КАИРОВА,
Алматинская область
Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабәев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.